

Бекітемін: *Т.Шүкеев*
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
К.К.Сейдалиева.

«Ана-өмір шуағы»



«Құлыншақ» ортанғы топ

2022-2023 оқу жылы.

Тәрбиешілері: Тулеева.Д.

Жақыпбек.А

«Ана-өмір шуағы!» атты 8-наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

Жүргізуші:-Құрметті, аяулы аналар, ардақты әжелер, қадірлі ұстаздар! Сіздерді алда келе жатқан 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілей отырып, балалармыздың сіздерге арнайы дайындаған «Ана-өмір шуағы!» атты ертеңгілігімізді бастсуға рұқсат етіңіздер.

(Балалар залға көңілді әе күймен ұлдар кіреді бір рет айналады қоқтайды, содан кейін қыздар кіреді билеп бір рет шеңберді айналып ұлдарға қарым – қатынас тұрады, ұлдар бір бірден барып қыздардың қолдарынан ұстап орындыққа отырғызады, содан кейін өздері отырады)

Құрметті балалар!

Жүргізуші: Балалар ең асыл жан кім? (Ана)

Қызығыңда, бұзығыңда көтеретін кім? (Ана)

Үнемі жанында періштедей қорғаштап, демеу беретін кім? (Ана)

Сонымен бүгін қандай мерам? (Аналар)

Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? (Иә)

Жүргізуші:-Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағын-дей отырып сіздерге арналған балаларымыздың өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

1Арсен-Анам болса қасымда,
Басқа бақыт не керек.
Анашымның жүрегі,
Мейрімді ғой керемет.

Аяла-Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар.

Мейірімді ол кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Асылым-Бал бөбегім баптаған,
Анам үшін мақтанам.

Ақ бетіңнен сүйейін,
Келші,келші,ақ мамам

Айзере-Әжем менің ақ әжем,
Аппақ әжем пәк әжем.

Басқалардай емессіз,
Сүйкімдісіз,ақ әжем.

Медина-Мамочке и бабушке,
Я стишок дарю.

Милые,хорошие,
Я вас очень люблю

Әділкерей-Әжем менің асылжан
Жақсылыққа үйреніп
Жаманжақтан шектейді
Әжеме ешкім жетпейді.

Қол соғып демеу берер көрермендер.

Би « Стирка »

Жүргізуші –Көктем келді арайлы да шуақты,

Қар еріді сай-саладан су ақты.

Көктем ғой тіршіліктің жандануы,

Өлеңім нұр көктемге арналады.

Ән: «Көп жаса Анашым»

Балалар,мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.Жауабын тауып көресіңдер ме?

Балалар-иә

Олай болса мұқият тыңдаймыз.

Жұмбақ

Бұлытты айдап желдеткен,

Нөсерлетіп,селдеткен.

Жаңбырлатып ойнайтын.

Қай мезгіл деп ойлайсың?

(Балалар-Көктем мезгілі)

Жүргізуші:-Дұрыс айтасындар, балалар!Балалар, көктем мезгілі-жыл мезгілдерінің ішіндегі ерекше мезгіл.Бұл мезгілде тіршіліктің жаңару кезеңі басталады.Қыстың суығы кетіп,қар еріп,жер бетінің көгеретін кезі.Балалар тыңдаңдаршы бізге біреу қонаққа келе жатқан сияқты.

(әуен ойнатылып залға Ару Көктем кіреді)

-Сәлеметсіздер ме, балалар, ата-аналар,қонақтар!

Даланы гүл жайнатам,

Бұлбұлдарды сайратам.

Көктем жаңбыр жауғызып,

Құлпырады айналам.

-Бүгінгі аналар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жүргізуші:-Сәлеметсіз бе,Ару Көктем! Төрлет біздің балаларымыздың өнерін бізбен бірге тамашалаңыз.

Ән: «Мереке»

Би: «Гүлдер»

Әмина:Әжем менің әлі де

Ұқсамайды кәріге

Шай қайнатып береді

Біздің Үйдің бәріне

Нұрәділ-Менің әже гүл әжем

Алтын әжем күн әжем

Анам үшін мен үшін

Нағыз ана-ол әжем.

Хадиша:-Бүгін наурыздың сегізі

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі.

Аяжан:-Ананы мен жақсы көремін

Ана шаттық,бақыт береді.

Анаменен барлық адам

Бақытты болып жүреді.

ұзақ өмір сүріңіз.

Нұршуақ: Анашым ана

Ризамын саған

Тіліңді алам

Ақылды болам

Жүргізуші: - Ару Көктем бізге ала келген ойыны бар екен. Бірге ойнайық.

Ару Көктем: - Менде айналамды гулдендіріп, күн шуағын жарқыратып, сендерді сағына жеттім. Мен өзіммен бірге әдемі гүлдеріді ала келдім. Бұл гүлдермен «Кім жылдам» деген ойын, ойынағыларың келе ме?

Балалар: иә

Ойын шарты: Ортаға үстел үстінде құмыраға салынған гүлдер тұрады. Ойынға 5-6 ұл бала қыздарды биге шығарады. Әуен ойналып, билейді. Әуен тоқтаған кезде, ұлдар жүгіріп барып құмырадағы гүлді алып бірінші қызға сыйлау керек. Кім бірінші қызға гүл сыйласа сол бала жеңіске жетеді.

Жүргізуші: - Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,

Ана дейді жас сәбиде жарқылдап.

Ана деген-бәйтерегі өмірдің,

Ана деген-алтын қазық, алтын бақ

-Аяулы аналар

-Құрметті аналар, ұстаздар! Осымен біздің «Ана-өмір шуағы» атты ертеңгілігіміз аяқталды. Әрқашан сау болыңыздар Сіздерге әлемдегі бар жақсылықты тілеймін.

